

Түркістан облысы Келес ауданы

*№26 «Келес» жалпы орта
білім беретін мектебі
коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің Аға тәлімгері
Белхожаева Қарлығаштың
1-ші жарты жылдықта
атқарған жұмысының есебі*

*Бәйтерек ауылы
2023-2024 оқу жылы*

**№26 «Келес» жалпы орта білім беретін мектебінің
«Мектеп парламенті» және «Жас Ұлан»
ұйымының атқарған жұмыс есебі.**

2023 - 2024 оқу жылы «Мектеп парламенті» және «Жас Ұлан» ұйымының жоспарлары құрылып, бекітілді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес №26 «Келес» ЖОББМ» КММ білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту бойынша «Мектеп парламенті» жобасы құрылды.

Мектеп парламентінің ережесі

1. Жалпы ережелері.

Мектеп парламенті бұл-оқушылардың өз еріктерімен біріккен ұйымы, мектеп өміріндегі мәдени іс-шаралар мен ағымдағы болып жатқан істерді шешуге белсенді түрде атсалысып, мектепті жарқыратып көрсетеді.

Мектеп парламенті бұл – белсенді оқушылар, мектеп өміріне жәйдан-жәй қарамайтын, өзін-өзі басқару ұйымы арқылы жұмыстарды іске асыратын, өздерінің коммуникативті және ұйымдастыру шеберліктерін шындайды.

Мектеп парламенті бұл – белсенді оқушылар, олар мектеп өміріндегі мәселелер мен ағымындағы істерге бей-жәй қарамайды. Бұндай істерге шығармашыл көзбен қарайды. Мектептің алдына қойған мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыруға белсене араласады.

Парламент шығармашылығы өзінің бекітілген ережесі негізінде мектеп әкішілігі мен тәрбие жұмыс жоспарына сәйкес жүргізіледі.

2. Парламент міндеттері.

Мектеп парламенті оқушылардың өкілетті ұйымы болып саналады. Сонымен қатар алдына мына бағыттағы міндеттерді қояды:

- Мектеп ортасында өзін-өзі басқару дағдыларын дамыту;
- Азаматтық айқын көзқарас танытуға, адамгершілік қасиеті жоғары ұстауға, оқушылардың рухани мәдениетін көтеруге тәрбиелеу;
- Білім алу кезінде мектеп парламенті оқушылардың қызығушылығын арттыруды жүзеге асырады.

Мектеп парламенті және өзін-өзі басқарудың құндылығы сонда осы ұйым арқылы оқушылар мектеп өміріне, мектептің ішкі саясатына, әкімшілік жұмыстарына, мектепшілік оқу және тәрбие үдерістеріне әсер ете отырып шешім қабылдауға ықпал етеді. Келер күнге сеніммен қарататын осындай игі де ізгілікті іс біздің ұжымымызда оң нәтижесін беруде.

Мектеп парламенті 7 бағыт бойынша жұмыстанады

Мектеп парламентінің президенті – Есенәлі Жасмин – 10 «а»

Спорт және салауатты өмір салты фракциясы – Шалқар Шыңғыс 10 «ә»

Дебат қозғалысының фракциясы – Есенқұл Мұқамеджан - 9 «а»

Ақпарат фракциясы – Үсен Зейнеп - 9«а»

Мәдениет және өнер фракциясы – Имаш Жансая - 10 «а»

Өзін – өзі тану және бақыт фракциясы – Алдиярова Шұғыла – 9 «а»

Экология және еңбек фракциясы – Абдирасил Назерке - 10 «а»

2023 - 2024 оқу жылының басталуына орай 1 - қыркүйек – Білім күніне орай №26 «Келес» жалпы орта білім беретін мектебінде 2023-2024 оқу жылының басталуына орай 1 сынып оқушыларына арналған «Мектебім - мейірім мекені атты» салтанатты жиын өткізілді. Биылғы оқу жылында 1 сыныпқа 65 оқушы қабылданды. Салтанатты шарада 11 сынып оқушылары бүлдіршіндерге «Әліппе» алғашқы оқулығын салтанатты түрде табыс етті. Сынып сағаттары «Тәуелсіз елдің ұрпақтары» қағидасымен жүргізіліп, шара барысында тәрбие сағатқа ата-аналар қатысты.

Қыркүйек айында Мектеп парламенті және «Жас ұлан» ұйымының 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілді. Жоғары сынып кеңесінің отырысымен сынып жұмыс жоспары құрастырылып бекітілді. Төрағалар сайланды. Міндеттері бөлініп әр сыныпқа тәлімгерлер сайланды. Ұйым бағыттары бойынша құрылған «Аялы алақан» командасының құрамы жаңартылды. 6 қыркүйек күні мектебіміздің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: А.Т.Алтыбаев, тәлімгер: Қ.Т.Белхожаева өткізуімен 8-10 сыныптар аралығында, «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» атты адалдық сағаты өткізілді. Оқушыларға тақырыпқа сай презентация көрсетілді. Бұл адалдық сағатының мақсаты: “Сыбайлас немесе жемқорлық” деген ұғымды түсіндіріп, өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту, ойларын еркін жеткізе білу қабілеттерін дамыту, әділдікке тәрбиелеу және патриоттық тәрбие қалыптастыру. «Мектептегі тәртіп ережелері» - оқушыларды мектеп тәртіп ережелерімен таңыстырды. «Жас Ұлан» ұйымының қолға алуымен «Менің мектеп формам», «Бала құқығы мен міндеттері» тақырыбында, әңгіме рейдтерін жүргізіп, мектептегі оқушы келбеті қалай болу керек, ұқыпты әрі таза жүру туралы сыныптарда әңгіме сағаттарын өткізді. 04.09. - 15.09.23ж. күндері аралығында Денсаулық күніне орай мерекелік іс – шараның өтуіне ат салысты. 10 күндік таңертеңгілік жаттығу жасалды. денсаулық күніне орай мерекелік іс – шараның өтуіне ат салысты. Бұл шарада оқушыларды салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу. «Біз салауатты келешек үшін» флешмоб, және «Біз денсаулықты таңдаймыз» сурет көрмесі ұйымдастырылды. Мектеп оқушылары шараларға белсене қатысты.

Отбасы күніне орай «Отбасы – бақыт мекенім» тақырыбы аясындағы іс-шара жоспары құрылып, бекітілді.

Мақсаты: Оқушылардың отбасы, жанұя туралы білімдерін шындай түсу, отбасы құндылықтарының маңызын дәріптеу.

Апталық аясында «Менің отбасым - басты байлығым» ата-аналарға арналған психологиялық тренинг, «Менің сүйікті отбасым» суреттер көрмесі, «Отбасы – бақыт аясы» тәрбие сағаттары, «Әкем, анам және мен» спорттық ойыны ұйымдастырылды. Сайыс мақсаты отбасы құндылықтары мен салауатты өмір салтын насихаттау.

«Тіл – тәуелсіз елдің мерейі» тақырыбындағы тіл мерекесіне орай өткізілетін онкүндіктің жоспары құрылып, бекітілді.

Мақсаты: Мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтеру, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Өз ана тілінің қадір-қасиетін,

күдіретін ұғындыру, басқа тілдерге де құрметпен қарап, әрбір ұлттың ана тілі баға жетпес мұра екенін сезіндіріп, тілге деген сүйіспеншілігін арттыру Тілдер күні мерекесі қарсаңында айлық өткізілді. әр сынып жетекшінің «Қазақ тілі – мемлекеттік тіл» тәрбие аясында «Ана тілім – күдіретім», «Қазақ тілім – ұлттық тіл» шығармалар сайысы

шығармалар сайысы, «Тіл – ұлттың жаны» суреттер көрмесі және «Ана тілім - баба тілім – өз тілім» мектепшілік челендж, және қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде сыныптан тыс шаралар ұйымдастырылды. «World Cleanup day» бүкіләлемдік экологиялық тазалық күніне орай мектебімізде «Таза аула» акциясы өздырылды. Сенбілікке «Жас Ұлан» ұйымының оқушылары да белсене ат салысты. Әр сыныпқа жиналатын жерлер бөлініп берілді. Басты мақсат – көрнекі орындар мен табиғи аумақты қоқыстан тазартып, таза ұстау. Соған орай сенбілікке шыққандар, тазалық жұмыстарын жүргізді.

1 қазан күні мектеп ұжымы мен оқушылар айлық жоспармен таныстырылды. Жоспарға сай 1-11-сыныптарда 1 қазан-Халықаралық қарттар күніне орай «Ел қариясы – ел қариясы» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. «Қарттарым, аман сау жүрші» акциясы өздырылды.

Жалғыз басты егде адамдар мен мүгедектердің аулаларын, үйлерін жинау, қысқа дайындық жұмыстарына көмектесу мақсатында тәлімгер:

Қ.Белхожаеваның ұйымдастыруымен үйіне барып, үйін жинап, ауласын тазалап, қысқы отындарын жарып, көмек көрсетті. «Мейірбандық күндер» атты қайырымдылық айлығының аясында атқарылған шаралар мектебіміздің фейсбук парақшасында және мектеп сайтында жарияланды.

5 қазан күні Ұстаздар мерекесіне орай 9-10 сыныптар арасында тәрбие сағаттары өз деңгейінде өткізілді. Мұғалімдер күніне орай «Біздің құттықтауларымызды қабыл алыңыз», «Ұстазым- ұлағатым!» суреттер, ашық хаттар, құттықтаулар, алғыс хаттар даярлау акциясы өздырылды. «Жас Ұлан» ұйымы мүшелері мен жоғары сынып оқушыларынан құрылған «Мейірім» еріктілер топтары ардагер ұстаздарды құттықтап, мерекелік сувенир, ашық хаттар және қол қабыстарын беріп қайтты. Ұстаздар алғыстарын білдіріп, жүрек –жарды тілектерін білдірді.

Ұстаз болу - шәкіртке ата - анасындай болып тәрбие сыйлау.

Ұстаз болу - жас ұрпақтың жарқын болашаққа барар жолын айқындап беру.

Күз мезгілінің керемет мерекелерінің бірі "Қарттар күні" мен "Ұстаздар мерекесі" қарсаңында мектебімізге еңбегі сіңген ардагер ұстаздар мен ардагер кіші мектеп қызметкерлерін мектеп ұжымымен "Жас Ұлан" ұйымының мектеп парламентінің мүшелері үлкенге құрмет, кішіге ізет деп,мерекемен құттықтап, жылы лебіздерін білдіріп,сыйлықтар табыстады. Қазан айының алғашқы жексенбісінде тойланатын «Ұстаздар күні» мерекесі аталып өтілді. 1-11 сыныптар арасында тәрбие сағаттары өз деңгейінде өткізілді. Мұғалімдер күніне орай «Біздің құттықтауларыңызды қабыл алыңыз» акциясы өздырылды.

«Ұстаздар күні» мерекесіне орай ұйымдастырылған «Ұстаз ұлағатты тұлға» атты мерекелік жиынына құттықтауларын арнады. Әр сыныптың және ұйымның оқушылары мерекеге құттықтау қабырға газеттерін дайындады. Бұл іс шараға 11 сынып және «Жас Ұлан» жасөспірімдер ұйымы жауапты болды.

1 қазан күні мектеп ұжымы мен оқушылар айлық жоспармен таныстырылды. Жоспарға сай 1-11-сыныптарда 1 қазан-Халықаралық қарттар күніне орай мектебіміздің «Жас Ұлан» ұйымы мүшелерімен жоғары сынып оқушыларынан құрылған «Аялы алақан» топтары егде жастағы азаматтардың үйлеріне барып қол қабыстарын беріп қайтты.

«Ұстаздар күні» мерекесіне орай ұйымдастырылған «Ұстазда, бар жақсылық сіздер үшін» атты мерекелік жиынына құттықтауларын арнады. Әр сыныптың және ұйымның оқушылары мерекеге құттықтау қабырға газеттерін дайындады. Бұл іс шараға 11 сынып және «Жас Ұлан» жасөспірімдер ұйымы жауапты болды.

Білім ұясын ізгіліктендіру мен жариялылықтың жүзеге асқандығының нәтижелі белгісі әрі шәкірттердің асыға күтетін күні – «Дублер күні». Ұйым мүшелері бұл күні директордың, директор орынбасарларының және пән мұғалімдерінің орнына қызмет атқарады. Мектеп президенті кезекті ұйым мүшелерімен жиналыс үстінде пікір алысты.

1 қазан мұғалімдер күніне орай 9-11-сынып оқушыларына мектеп әкімшілігі және мұғалім қызметтері бөлініп, оқушылар екі ауысым бойынша сабақ берді. Мектеп әкімшілігіне Директор, оқу ісінің орынбасары, тәрбие ісінің орынбасары болып оқушылар қызмет атқарды. Мектепті оқушылар қабырға газеттерімен, шарлар мен нақыл сөздер іліп безендірді. Сонымен қатар таңертең 10-11 сынып оқушылары қолдарына гүл алып мұғалімдерді қошеметпен қарсы алып өз құрметтерін байқатты. Оқушылардың сол күнгі жауапкершілігі және оны сезінуі, мұғалімнің қызметін түсіне білулері, өте жоғары дәрежеде байқалды. Сабақтарға жоғары дайындықпен келген. Әрбір пән мұғалімі өз аты-жөні жазылған бейджиктерді тағып, төменгі сынып оқушыларының сұрақтарына жауап тиянақты берді. Мұғалімдерге арналған салтанатты жиынға 10 - 11 сынып оқушылары қатысты. 2023-2024 оқу жылындағы «Өзін-өзі басқару» ұйымының іс-шаралары өз деңгейінде атқарылды.

6 қазан мектебімізде Айтыс — ауыз әдебиетінде ежелден қалыптасқан поэзиялық жанр, топ алдында қолма-қол суырып салып айтылатын сөз сайысы, жыр жарысы. Қазақтың ауыз әдебиетінде ерте заманнан келе жатқан айтыс жанрының туу негіздері мен өзіне тән ерекшеліктері, даму тарихы бар. Айтыс – халық ауыз әдебиетінің ерекше бір түрі. Айтыс қазақтан басқа арабтың бәдеуилер тайпасында және түрік тілдес елдердің бірқатарында, ірі ақындар айтысы Үндістан халықтарында бар. Кейбір зерттеушілер айтыстың алғашқы шығу тегі өте ерте заманнан келе жатқанын айтады. Оның әуелгі элементі көркемөнердің түрлері сараланып, бір-бірінен әлі ажырамай, бәрі бірігіп бір бүтін өнер саналып, әні де, өлеңі де, оны шығару да, орындау да,

қимыл, бет құбылысы, тағы басқалары да қосыла жүрген дәуірде туса керек деп топшылайды. Айтыстың алғашқы адымы осы кезеңде басталса керек. 18-22 қараша аралығында өтетін «Армысың, Алтын күз» атты тағылымдық апталығы болып өтті. Тағылымдық апталықтың мақсаты: оқушылардың бойына шығармашылық еңбек, еңбек мәдениеті, туған табиғатқа деген деген сүйіспеншілік құндылықтарын сіңіру. Балаларды бір – біріне сыйластықты, ауызбіршілікті болуға шақыру. Өнерге деген қызығушылықтарын ояту.

Апталық аясында «Күз бояуы» сурет байқауы, «Күз сыйы» қолөнер байқауы, «Ырысы мол, Алтын күз!» отбасылық фотосуреттер, «Армысың, Алтын күз!» мерекелік кеші, «Күзгі балл», «Сырлы да қазыналы әлем - табиғат» күзгі көрініс жапырақтардан, көкіністерден бұйымдар жасау көрмесі және сынып сағаттары ұйымдастырылды.

«Арайлы алтын күз» мерекесі қарсаңында оқушылар арасында мектепшілік сурет байқауы, қол өнер байқауы ұйымдастырылып, жеңімпаздары марапатталды.

24 қазан күні «25 қазан – Республика күніне» арналған ұландар жиыны өткізілді. Жиында оқушылар 25 қазан – Республика күні болып қай уақытта бекітілгені туралы қысқаша мәлімет беріп өтті. Оқушылар жиынды «Қазақстан» атты хормен аяқтады

21 қазан күні №26 «Келес» ЖОББМ"КММ оқушылары, мектеп парламентінің президентін сайлады.

Сайлау барлық талаптарта сайкес тәртіпті жене әділ өтті.

Арнайы сайлау комиссиясы тізім бойынша оқушылардың белсенділігін анықтап отырды. Бюллетень үлестіріп, жабық түрде дауыстарын берді. Сайлау кезінде кандидаттар да даус беруге мүмкіндік алды. Яғни өзінен баска кандидаттарға өз дауысын берді.

Мектеп көшбасшынын сайлауда барлық оқушылар белсенділік танытты. Сайлауда тек парламент оқушылары ғана емес, сонымен қатар мұғалімдер де өз тандауын жасады. Сайлау қорытындысы 24 қазан күні мектепшілік лездемеде хабарландырады.

23 қазан мектебімізде де Республика күніне орай «Әнұран» челленджи өткізілді.

Әнұран – мемлекеттің ең маңызды рәміздерінің бірі. Әнұранның Ұлттық ерекше аспектісі бар. Әнұран арқылы қазақ даласы әрбір қазақстандықтың өсуі мен қалыптасуының қасиетті бесігі ретінде жырланады.

Әнұран маңызды дыбыстық рәміз ретінде әрекет ете отырып, әрбір қазақстандықтың өз еліне, жеріне, халқына деген мақтаныш сезімін ояту мақсатында әнұранды орындай отырып, адамның рухани жағдайы мен өз еліне мақтаныш сезімі асқақтайды.

Әнұранды орындау – ең алдымен, қазақстандық патриотизмді, азаматтықты қалыптастырады және әрқайсымыздың жеке басымызды дамыту мен қалыптастырудың басым бағыттарының бірі. Шынында да, мемлекеттік рәміздің әр элементінде терең мағына бар. Барлық білім беру ұйымдарында білім алушылар сөздерді жақсы білуі және Әнұранды айта білуі қажет.

Мақсаты: білім алушылардың бойында азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, қазақ еліне, отанына деген құрметін күшейту, патриоттық сезімдерін арттыру. 25 қазан Республика күніне орай мектебімізде «Бабалар салған ізімен» мәнерлеп оқу байқауы ұйымдастырылды

25 қазан Республика күніне орай мектеп парламенті мүшелері арасында «Қыран елім – Қазақстан!» атты облыстық мәнерлеп оқу челленджі. №26 «Келес» ЖОББ мектебінің 9 сынып оқушылары: Үсен Зейнеп, Ибрагим Жазира, Мәлік Ғалинұрдың ұйымдастыруымен өтті. Мектебімізд 24 қазан күні "Туған жердің ұланымыз" атты "Жас Ұлан" бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатарына қабылдау рәсімі оздырылды. Шара барысында мектеп әкімшілігі "Жас Ұлан", "Жас Қыран" ұйымына қабылданатын оқушыларымызды құттықтап, арнайы сертификаттарды және төсбелгілерді табыстады. Оқушылар "Жас Ұлан", "Жас Қыран" қатарына кіре отырып, құрметті ұстаздарының алдында, өз елінің патриоты болуға, Отанымызды мақтаныш етуге, білімге ұмтылуға, салауатты өмір салтын ұстануға, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге салтанатты түрде ант берді. Шара ҚР әнұранымен, «Жас Ұлан» туының кіргізілуімен ашылды. Оқушыларымызға галстук пен төсбелгі тағу рәсімі мектеп мұғалімдеріне ұсынылды. 5-сынып оқушысы Қанат Сабина «Жас ұлан» антын қабылдап, «Жас ұлан» әнұраны шырқалды.

"Жас Қыран" ұйымына 110 оқушы,

"Жас Ұлан" ұйымына 135 оқушы қабылданды.

Шара соңында мектеп директоры Аbugалиев М.Г сөз беріліп, оқушыларымызға құттықтау тілегін арнады. «Жас ұлан» туы мемлекеттік әнұранмен шығарылып, шара өз мәресіне жетті.

27 қазан мектебімізде мектеп Парламентінің президентін ұлықтау рәсімі өтті.

Мектеп директорының орынбасары А.Т.Алтыбаев

жаңа лауазымға тағайындалуымен құттықтап, мектеп парламенті Президентінің куәлігін табыс етті. Өз кезегінде, жаңа Президент оқушылар мен ұстаздар алдында ант қабылдап, өзіне атқарған жоғары сенімдеріне алғыс білдірді.

15 қараша - «Ұлттық валюта күні» іс – шара болып өтті.

Мақсаты:

*Тәуелсіз еліміздің ең бірінші айрықша белгісі – теңгемен тереңірек таныстыру.

*Ақшаның пайда болу тарихы, өз ұлттық теңгеміздің айналымға кіруі, қалай, кімдер жасағаны туралы мағлұмат беру.

*Басқа ел валюталарымен таныстыру. Жаңадан айналымға енген ұлттық валюта, оны енгізудің қажеттілігі, безендірілуі туралы кеңірек таныстыру. оқушылардың ақша туралы түсініктерін кеңейту, белсенділіктерін дамыту. оқушылардың Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қол жеткізген жетістіктеріне мақтаныш сезімдерін ояту.

Теңгенің шығу тарихы слайд арқылы оқушыларға көрсетілді, баяндама оқылды. «Төл- теңгеміз Тәуелсіздігіміздің жемісі» Ұлттық теңге күніне тәрбие сағаттар өткізілді.

17 қараша мектебімізде республикалық асық ату челленджіне 1-11 сынып оқушылары қатысып, «БЕС ТАБАН», «БЕС АСЫҚ» ойындарын ойнау үлгісін көрсетті. Асық ату ЧЕЛЛЕНДЖІнің мақсаты ұлттық дәстүрді және ойынды дәріптеу

1-желтоқсан Дүниежүзілік АҚТҚ /ЖҚТБ-ға қарсы күрес күніне орай «Қызыл лента» акциясы ұйымдастырылды. Оқушыларға АҚТБ/ЖҚТБ туралы ақпараттар айтылып, брошюралар таратылды.

«Біз неге АҚТҚ және ЖҚТБ туралы айтуымыз керек – Почему мы должны говорить о ВИЧ и СПИДе?» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.

5 желтоқсан мектебімізде оқушылардың дүниетанымын кеңейту, оқушыны жан-жақтылыққа, шапшандылыққа, шығармашылыққа, топпен жұмыс істеуге тәрбиелеу. оқушылардың қазіргі білім негізінде жан-жақты білімін, ойлау, сөйлеу шеберлігін шыңдау арқылы өз интеллектуалдық қабілеттерін арттыру мақсатында,

Экомектеп жобасы аясында ұйымдастырылған "Экоәлем" экологиялық квест өткізілді. Квестке 5-7 сыныптар қатысып, квест тапсырмаларының тез әрі дұрыс орындалуын Экомектеп жобасының шығармашылық тобының мүшелері бағалады. Сайыс нәтижесінде ба сынып "Гранпри", 7а - 1 орын, ба - 2 орын, 5а және 7а 3 орын иеленді.

12 желтоқсанда №26 «Келес» ЖОББМ КММ-нің оқушылары Бесқұбыр ауылының мәдениет үйіне 1986 жылы 16 желтоқсанда Алматы қаласындағы "Желтоқсан оқиғасы" куәгерлерімен кездесуге барды. Кездесу "Желтоқсан оқиғасы" құрбандарын еске алу - 1 минуттық үнсіздік жариялаудан басталды. 15 желтоқсанда №26 «Келес» ЖОББМ КММ - де 1-11 сыныптар аралығында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне арналған жалпы тәрбие сағаттары өтті. Тәрбие сағаттары 1986 жылы 16 желтоқсандағы "Желтоқсан оқиғасына" қатысушыларды еске алу, танымдық - ағартушылық бағытта өткізілді.

«Тәуелсіздік бәріннен қымбат» сурет және қолөнер көрмесі ұйымдастырылды.

"Тәуелсіздік бәріннен қымбат"- сурет байқауы өткізілді.

Желтоқсан айында мектебімізде «Мектеп Парламенті» фракциялар, «Жас Ұлан» ұйымының көшбасшыларының және мектеп директорының қатысуымен жалпы жиналысы өткізілді.

Мақсаты: оқушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесіне әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу.